

VHCT900 саңылау кесу құралы



ЕСКЕРТУ



ЕСКЕРТУ



Бұл нұсқауларды және ескертулерді дұрыс орындамасаңыз, өлімге, дене жарақатын алуға, мүліктің немесе өнімнің зақымдалуына әкеп соқтыруы мүмкін.

- Кез келген ойық кесу құралдарын қолданбас бұрын немесе оған қызмет көрсетпес бұрын, осы нұсқаулықтағы барлық нұсқауларды және құралдағы барлық ескерту жапсырмаларын оқып шығыңыз.
- Осы құралмен жұмыс істеу кезінде, қорғаныс көзілдірігін, касканы, қорғаныс аяқ киімін және құлаққапты киіңіз.
- Осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығын құралдың барлық операторларына қолжетімді болатын орында сақтаңыз.

Егер қандай да бір әдебиеттің көшірмелері қажет болса немесе осы құралдың қауіпсіз әрі дұрыс жұмыс істеуіне қатысты сұрақтарыңыз болса, Victaulic компаниясына хабарласыңыз. Пошта 31, Easton, PA 18044-0031. Телефон: 1-800-PICK-VIC, электрондық пошта: pickvic@victaulic.com

Түпнұсқа нұсқаулық негізінде аударылған

ИҢДЕКС

| | |
|--|----|
| Қауіптерді анықтау | 4 |
| Операторға арналған қауіпсіздік нұсқаулары | 4 |
| Кіріспе | 6 |
| Құралды қабылдау | 6 |
| Контейнер ішіндегі компоненттер | 6 |
| Құралды қайтарып беру | 6 |
| Қуатқа қатысты талаптар | 7 |
| Қуат көзіне қойылатын талаптар | 7 |
| Ұзартқыш сымға қатысты талаптар | 7 |
| Құрал номенклатурасы | 8 |
| Құрал өлшемдері және техникалық сипаттамалары | 9 |
| Саңылау кесетін араны орнату | 10 |
| Құралды орнату | 10 |
| Құрал жұмысы | 14 |
| Саңылау кесетін араны алу | 16 |
| Техникалық қызмет көрсету | 16 |
| Бөлшектерге тапсырыс беру туралы ақпарат | 16 |
| Керек-жарақтар | 17 |
| Ақаулықтарды түзету | 18 |

ҚАУІПТЕРДІ АНЫҚТАУ

Түрлі қауіп деңгейлерін анықтауға арналған анықтамалар төмендегі жерде берілген.



Бұл қауіпсіздікті ескерту таңбасы маңызды қауіпсіздік хабарларын көрсетеді. Осы таңбаны көріп тұрсаңыз, дене жарақатын алып қалу қаупі бар екенін білдіреді. Көрсетілген хабарды мұқият оқып шығып, толық түсінуге тырысыңыз.

ҚАУІПТІ

- «ҚАУІПТІ» сөзінің қолданылуы ұсынылған сақтық шаралары мен нұсқаулар орындалмайтын болса, жазатайым жағдайға немесе ауыр жарақат алып қалуға тікелей әкеп соқтыру қаупінің бар екендігін білдіреді.

ЕСКЕРТУ

- «ЕСКЕРТУ» сөзінің қолданылуы ұсынылған сақтық шаралары мен нұсқаулар орындалмайтын болса, жазатайым жағдайға немесе жарақат алып қалуға әкеп соқтыру мүмкін қауіптердің немесе қауіпті тәжірибелердің бар екендігін білдіреді.

САҚ БОЛЫҢЫЗ

- «САҚ БОЛЫҢЫЗ» сөзінің қолданылуы ұсынылған сақтық шаралары мен нұсқаулар орындалмайтын болса, жарақат алып қалуға немесе мүлктің зақымдалуына әкеп соқтыру мүмкін қауіптердің немесе қауіпті тәжірибелердің бар екендігін білдіреді.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- «НАЗАР САЛЫҢЫЗ» сөзінің қолданылуы маңызды болып табылатын, бірақ қауіптерге қатысы жоқ арнайы нұсқауларды қарау керектігін білдіреді.

ОПЕРАТОРҒА АРНАЛҒАН ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

VHCT900 құралы ТЕК болат және тот баспайтын болаттан жасалған құбырда және мыстан жасалған түтікте саңылаулар кесуге арналған және ТЕК осы мақсатта пайдаланылуы керек. Бұл нұсқауларды ойық кесу құралымен жұмыс істемес бұрын, әр оператор оқып, түсінуі керек. Бұл нұсқауларда құралды орнату және оған техникалық қызмет көрсету процедураларымен бірге құралдың қауіпсіз жұмысы сипатталған. Әр оператор құралдың операцияларымен, оны қолдану әдістерімен және ондағы шектеулермен танысып шығуы тиіс. Осы пайдалану нұсқауларында сипатталған қауіптер, ескертулер және сақтық шараларын мұқият оқып, түсіну талап етіледі.

Осы құралды пайдалану үшін ептілік, механикалық біліктіліктер және техникалық қауіпсіздік әдеттерін сақтау талап етіледі. Сондай-ақ бұл құрал қауіпсіз, сенімді операция үшін жасалған және төтенше жағдайларға әкеп соқтыруы мүмкін себептердің барлығын болжап білу қиын. Төменде берілген нұсқаулар осы құралдың қауіпсіз жұмыс істеуі үшін ұсынылған. Операторға әр қолданыс алдында, сондай-ақ, орнату және техникалық қызмет көрсету процедурасы кезінде «алдымен құрал қауіпсіздігіне» тәжірибе жасауға кеңес беріледі. Барлық операторлардың осы нұсқаулықты оқып, осы құралдың қалай жұмыс істейтінін толық түсінуін қамтамасыз ету осы құралды жалға берушінің немесе пайдаланушы маманының жауапкершілігіне кіреді.

Бұл нұсқаулықты кез келген уақытта қол жеткізуге болатын таза әрі құрғақ жерде сақтаңыз. Бұл нұсқаулықтың қосымша көшірмелерін Victaulic компаниясына сұрау жолдау арқылы алуға болады немесе victaulic.com веб-сайтынан жүктеп алуға болады.

ҚАУІПТІ

1. **Құралды қауіпті болуы мүмкін орталарда пайдалануға жол бермеңіз.** Құралды жаңбыр астында қалдырмаңыз немесе аспапты дымқыл немесе сулы жерлерде пайдаланбаңыз. Қысымдалған немесе сұйықтық не сығылған газ толтырылған құбырда/түтікте саңылаулар кесуге болмайды. Жұмыс аймағы жарық болуы тиіс.
2. **Операторды электр тогының соғуынан қорғау үшін құралды жерге тұйықтаңыз.** Құралдың іштей жерге тұйықталған электр көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз.



3. Құралға қызмет көрсетпес бұрын, қуат сымын электр көзінен ажыратыңыз.

Құралға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек уәкілетті маман ғана орындауы тиіс. Құралға қызмет көрсетпес немесе оны реттемес бұрын, әрдайым қуат сымын электр көзінен ажыратыңыз.

4. Құралды газды немесе жарылғыш орталарда пайдаланбаңыз. Құралды моторы газдарды тұтандыруы мүмкін қалыпты ұшқын шығарады.

ЕСКЕРТУ

- 1. Арқа немесе омыртқаңызды зақымдап алмаңыз.** Құрал құрамдастарын ұстаған кезде, әрдайым дұрыс көтеру тәсілдерін пайдаланыңыз.
- 2. Тиісті киімдерді киіңіз.** Бос киім, қолғап, аксессуарлар немесе қозғалмалы бөлшектерге ілініп қалуы мүмкін кез келген нәрсені киімеңіз.
- 3. Құралдармен жұмыс істеген кезде, үнемі қорғаныс киімдерін киіңіз.** Қорғаныс көзілдірігін, қаспаны, қорғаныс аяқ киімі мен құлаққапты киіңіз. Кесу жұмыстары кезінде ұсақ металл бөлшектер ұшатындықтан, бетке тағатын немесе шаңнан қорғайтын масканы таққан жөн.
- 4. Кесу жұмыстары кезінде қолыңыз бен саусақтарыңызды жонғыш жинағынан алшақ ұстаңыз.** Құралды пайдаланбас бұрын, реттеу кілттері мен гайка кілттерінің құралдан алынғанына көз жеткізіңіз.
- 5. Құрал жұмыс істеп тұрған кезде, құбыр/түтік шеттерінің ішіне қолыңызды салмаңыз.** Құбыр шеттері өткір болуы мүмкін және қолыңызды және киіміңіздің жеңдерін тіліп кетуі мүмкін.
- 6. Құралдың кенеттен іске қосылып кетуіне жол бермеңіз.** Триггерді басып қойып, құралды тасымалдауға болмайды.
- 7. Шамадан тыс әрекет етпеңіз.** Әрдайым тепе-теңдік сақтайтын күйде болыңыз.
- 8. Құралға өзгерістер енгізбеңіз.** Сақтандырғыш қалқанды немесе құрал жұмысына әсер ететін кез келген құрамдастарды алып тастамаңыз.
- 9. Қуат сымын дұрыс пайдаланыңыз.** Құралды қуат сымынан ұстап сүйремеңіз немесе сымды розеткадан жұлып суырмаңыз. Сымды жылу, май және өткір заттардан алшақ ұстаңыз.

САҚ БОЛЫҢЫЗ

- 1. VHCT900 құралы өлшемдері, материалдары және қабырға қалыңдықтары көрсетілген құбырда/түтікте ҒАНА ойық кесуге арналған.**
- 2. Жабдықты тексеріңіз.** Құралды пайдаланбас бұрын, оның қозғалмалы бөлшектерінде кедергі келтіретін заттардың жоқтығын тексеріңіз. Құрал компоненттерінің орнату нұсқауларына сәйкес орнатылып, реттелгенін тексеріңіз.
- 3. Сақ болыңыз.** Дәрі-дәрмек қабылдағаннан ұйқы қысып тұрса немесе шаршап тұрсаңыз, құралды пайдаланбаңыз.
- 4. Тағылымгерлер мен бақылаушыларды жұмыс аймағына жақындатпаңыз.** Жай қарап тұратын адамдар барлық кезде жабдықтан алыс жерде тұруы тиіс. Осы құралды жерүсті қабатында пайдаланған кезде, төменгі аймақта басқа қызметкерлер болмауы тиіс.
- 5. Жұмыс аймағы үнемі таза болуы керек.** Құралмен жұмыс істейтін аймақ маңы оператордың қозғалуын шектеу мүмкін кедергілерден таза болуы тиіс. Төгіліп қалған сұйықтықты сүртіп алыңыз.
- 6. Құрал мен керек-жарақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз.** Құралдың тұрақты күйде екеніне көз жеткізіңіз. «Құралды реттеп орнату» бөлімін қараңыз.
- 7. Құрал жұмысына қолдау көрсетіңіз.** Қолданылатын бөлгікті нықтап ұстау үшін қысқыштарды немесе ұстағышты пайдаланыңыз.
- 8. Құралға артық күш түсірмеңіз.** Осы нұсқауларда сипатталған құрал мүмкіндіктерінен басқа қандай да бір функцияларды орындау үшін, құралға немесе оның аксессуарларына күш түсірмеңіз. Құралды шамадан тыс жүктемеңіз.
- 9. Құралға мұқият күтім жасаңыз.** Құралдың дұрыс әрі қауіпсіз жұмыс істеуі үшін, құралды таза ұстаңыз. Құрал компоненттерін майлауға және керек-жарақтарды ауыстыруға арналған нұсқауларды орындаңыз.
- 10. Тек Victaulic компаниясы шығарған қосалқы бөлшектер мен аксессуарларды пайдаланыңыз.** Басқа бөлшектерді пайдалану берілген кепілдіктің бұзылуына, құралдың дұрыс жұмыс істемеуіне және қауіпті жағдайлардың орын алуына алып келуі мүмкін. «Бөлшектерге тапсырыс беру туралы ақпарат» және «Керек-жарақтар» бөлімдерін қараңыз.
- 11. Құрал жапсырмаларын алып тастамаңыз.** Зақымдалған немесе тозған жапсырмаларды ауыстырыңыз.

КІРІСПЕ

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Осы нұсқаулықтағы сызбалар және/немесе суреттер анықтық үшін үлкейтіліп берілген.
- Құралда және осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында сауда белгілер, авторлық құқықтар және/немесе патенттелген компоненттер берілген және олардың барлығы тек Victaulic компаниясының меншігі болып табылады.

Victaulic VHCT900 саңылау кесу құралы Victaulic саңылау кесу өнімдері арқылы көміртекті болат және тот баспайтын болаттан жасалған құбырда және тармақ түрінде қосылымдар орнатуға арналған мыс түтіктерде саңылаулар кесуге арналған. Бұл құрал қорытпалы темір, HDPE немесе PVC пластикалық құбырда пайдалануға арналмаған. Құралды мақсатты материалдардан басқа заттарды кесу үшін пайдалануға болмайды. VHCT900 құралы өлшемі 1¼-8 дюйм/42,4-219,1 мм құбырмен/түтікпен үйлесімді және өлшемі макс. 4½ дюйм/114,3 мм саңылау кесе алады.



САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Бұл құралды ТЕК белгіленген параметрлерге сәйкес келетін техникалық сипаттамалары бар құбырларда ойық кесу үшін пайдалану керек.

Осы нұсқау тиісінше орындалмаса, құралдың шамадан тыс жүктелуіне, оның қызмет көрсету мерзімінің азаюына, құралдың зақымдалуына немесе дене жарақатын алып қалу салдарына алып келуі мүмкін.

ҚҰРАЛДЫ ҚАБЫЛДАУ

VHCT900 саңылау кесу құралдары берік контейнерлерде жеке-жеке қапталады. Құралды алған кезде, барлық қажетті бөлшектерінің бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір бөлшектері жоқ болса, Victaulic компаниясына хабарласыңыз. **ЕСКЕРТПЕ.** Егер құрал жалға алынған болса, жеткізілімді қайтару үшін контейнерді сақтап қойыңыз.

КОНТЕЙНЕР ІШІНДЕГІ КОМПОНЕНТТЕР

| Саны | Сипаттамасы |
|------|---|
| 1 | Бүйірлі кілт қамтылған бұрғы моторының жинағы |
| 1 | Табан жинағы |
| 1 | U пішінді беріліс жинағы |
| 2 | Сынаманы сақтау құралы бар бағыттауыш бұрғы |
| 1 | Жонғыш жинағы |
| 1 | Сынаманы алып тастау құралы |
| 2 | Пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығы |

ЕСКЕРТПЕ. Саңылау кесетін араларға бөлек тапсырыс беру керек. Тұрақты тасымалдау кейсіне бөлек тапсырыс беруге болады.

ҚҰРАЛДЫ ҚАЙТАРЫП БЕРУ

Құралды қабылдап алған күйдегідей жөнелтуге дайындаңыз. Сұрақтар бойынша Victaulic компаниясына хабарласыңыз.

ҚУАТҚА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР


ҚАУІПТІ



- Электр тогына түсіп қалу қаупін азайту үшін, электр көзінің жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіңіз.
- Құралға қандай да бір техникалық қызмет орындамас бұрын, қуат сымын электр көзінен ажыратыңыз.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

VHCT900 құралы үш қадауышты тығынмен жабдықталған және оны жерге тұйықталған, жалғыз фазалы электрлік розеткаға жалғау керек. Төмендегі «А» суретін қараңыз. Егер адаптер («С» суреті) үш қадауышты тығынды жалғау үшін пайдаланылса, адаптер сымын белгілі жерге тұйықталған қосылымға бекіту керек. «А» және «В» суреттері мен осы беттегі «Қуат көзіне қойылатын талаптар» кестесін қараңыз. **БҰРҒЫ МОТОРЫНЫҢ ҚУАТ СЫМЫ ТЫҒЫНЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ҚАДАУЫШТЫ АЛЫП ТАСТАУҒА БОЛМАЙДЫ.**

ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

| Вольт/ ампер | Қуат көзіне қойылатын талаптар |
|-----------------|--------------------------------------|
| 115 7 | 115 В АТ, 15 А, 50/60 цикл қуат көзі |

HA3AP САЛЫҢЫЗ

- Тиісті жерге тұйықталатын розеткаға сәйкес келуі үшін құрал «ҚТЗ (Қауіпсіздік техникасы зертханасы) тарапынан мақұлданған» белгісі бар үш желілі сыммен және үш қадауышты, жерге тұйықталатын тығынмен жабдықталған. Сымдағы жасыл (немесе жасыл және сары) желі жерге тұйықталатын сым болып табылады. Жасыл (немесе жасыл және сары) сымды кернеулі клеммаға қосуға болмайды.

ҰЗАРТҚЫШ СЫМҒА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР


Алдын ала қосылған розеткалар жоқ болса және ұзартқыш сымды қолдану қажет болса, тиісті өлшемдегі сымды (мысалы, сымға арналған америкалық стандартқа сай сым өлшемі) пайдалану маңызды болып табылады. Сым өлшемі құралдың номиналды қуаты (ампер) мен сым ұзындығы (фут) негізінде таңдалады. Талап етілген өлшемнен жіңішкерек сым өлшемін (датчик) пайдаланатын болсаңыз, бұл құрал жұмыс істеп тұрғанда қуат бастиегіндегі кернеудің едәуір төмендеуіне алып келеді. Кернеудің кенеттен түсіп кетуі қуат бастиегінің зақымдалуына және құралдың дұрыс жұмыс істемеуіне алып келуі мүмкін. **ЕСКЕРТПЕ.** Талап етілген өлшемнен қалыңырақ сым өлшемін пайдалануға болады.

Ұзындығы 100 футқа (31 м) дейінгі сымдарға арналған қажетті сым өлшемдері төмендегі кестеде берілген. Ұзындығы 100 футтан (31 м) ұзын ұзартқыш сымдарын пайдаланбаған жөн.

| Тізбектің номиналды қуаты вольт/ампер | Сым ұзындығы (фут/метр) | | |
|---------------------------------------|-------------------------|-------------|-------------|
| | 25 8 | 50 15 | 100 31 |
| 115 15 | Датчик (12) | Датчик (12) | Датчик (10) |



А суреті



В суреті



С суреті


ҚҰРАЛ НОМЕНКЛАТУРАСЫ

НАЗАР САЛЫҢИЗ

- Осы нұсқаулықтағы сызбалар және/немесе суреттер анықтық үшін үлкейтіліп берілген.
- Құралда және осы пайдалану және техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында сауда белгілер, авторлық құқықтар және/немесе патенттелген компоненттер берілген және олардың барлығы тек Victaulic компаниясының меншігі болып табылады.



ҚҰРАЛ ӨЛШЕМДЕРІ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ



Құралдың салмағы 40 фунт/18,1 кг құрайды.

Құралдың дыбыстық қысымы — 93 дБА. Барлық өлшемдер Milwaukee™ бұрғы моторы арқылы алынған.

ЕСКЕРТПЕ. Шу өлшемдері бұрғы моторына байланысты және конфигурация негізінде әртүрлі болуы мүмкін. Толық мәліметтер алу үшін бұрғы моторы өндірушісінің құжаттамасын қараңыз.

™ Milwaukee — Milwaukee Electric Tool Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі

САҢЫЛАУ КЕСЕТІН АРАНЫ ОРНАТУ


ЕСКЕРТУ

- Жұмыс түрі үшін саңылау кесетін араның тиісті өлшемін анықтау үшін жеке өнімді орнату нұсқауларын қараңыз.

Осы нұсқау орындалмаған жағдайда, өнім дұрыс құрастырылмай, істен шығуы мүмкін, нәтижесінде ауыр дене жарақатын аласыз және мүлікке зақым келеді.



1. Аңылау кесетін араның жоғарғы жағындағы саңылауларды жонғыш жинағындағы жетек сұққыларымен туралап, содан кейін саңылау кесетін араны жонғыш жинағына бұрап бекітіңіз. Егер сұққылар саңылаулармен тураланбаған болса, оларды туралау үшін саңылау кесетін араны шығарып алыңыз.



2. Жонғыш жинағының бекіткіш сақинасын сұққылар саңылау кесетін араның жоғарғы жағындағы саңылаулармен бірікпейінше бұраңыз немесе басыңыз.



3. Бекіткіш сақинаны мықтап қатайтыңыз. Қажет болса, қысқыштарды немесе соған ұқсас бекіткіш құралды пайдаланыңыз.

ҚҰРАЛДЫ ОРНАТУ

ЕСКЕРТУ

- Нұсқау берілгенге дейін, құралды электр көзіне қосуға **БОЛМАЙДЫ**.

Құрал абайсызда қосылатын болса, бұл ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.


НАЗАР САЛЫҢИЗ

- Саңылау кесетін орынды таңдау кезінде орнатылып жатқан өнімнің енін есепке алыңыз. Өнімнің муфталарға немесе басқа да жүйе құрамдастарына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, саңылау кесу құралын орнату үшін құбырда/түтікте бос орын қалдырыңыз.


1. Құралды орнатуға кіріспес бұрын, құбыр/түтіктің бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



2. Құбыр/түтіктің өтпесінде кесілетін саңылаудың ортасын тауып алыңыз. Осы орталық нүктені ою арқылы анықтап белгілеңіз.




3. Көлденең құбырдың екі осінен де 90 градус бұрышты дәл анықтау үшін табан жинағында көпіршік деңгейлері берілген.




4. Жонғыш жинағының алты қырлы шетін қысқыш патронға енгізіңіз.


5. Жонғыш жинағын тіреу кезінде қысқыш патронды берілген бүйірлі кілтпен мықтап қатайтыңыз. Жонғыш жинағының дұрыс орнатылғанына көз жеткізу үшін қысқыш патронды қолмен бұраңыз. Егер ара жинағы айналып тұрса, жинақты босатып, алып тастаңыз. Қысқыш патронды қайта енгізіп, қатайтыңыз.



6. Табанды жөнелтім контейнерінен алып, құбырға орналастырыңыз.



7. Шынжырды құбыр айналасына іліп, табанның бүйіріндегі ұяшыққа салыңыз. Шынжырды қозғалуына жеткілікті етіп бос қалдырыңыз. Шынжырды құбыр айналасына бекіту үшін қысқыш тұтқасын бұралатындай етіп босатыңыз.




8. Меңзерді құбырдағы ортасы ойылған саңылауға қою үшін, орталықты анықтау құралының айналмалы кронштейнін төңкеріңіз. Меңзердің ортасы ойылған саңылауға тимей тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер меңзер ортасы ойылған саңылауға тиіп тұрса, орталықты анықтау құралын табан тақтасымен беттестіріп ұстаңыз да, меңзерді саңылаудан кетпейінше жоғары қарай сырғытыңыз. Жинақты бекітіңіз. Орталықты анықтау құралын ең шеткі күйіне қарай кері тартыңыз.

⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Құралды пайдаланбас бұрын, меңзер ортасы ойылған саңылауда болмауы керек.

Бұл нұсқауды орындамаған жағдайда, ара мен орталықты анықтау құралына қатты зақым келіп, нәтижесінде құрал дұрыс жұмыс істемей, дене жарақатын алуыңыз мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ. Тік күйде пайдалану кезінде, орталықты анықтау құралын табан жинағының төменгі жағында екеніне көз жеткізіңіз. Бұл орталықты анықтау құралының жұмысқа кедергі келтірмеуін қамтамасыз етеді.



9. Бұрғы тұтқасын қысқыш тұтқасына қарама-қарсы ұстап, бұрғыны табанның туралау біліктеріне бекітіңіз.


⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ

- Саңылауды туралау біліктері көлденең күйден өтетін құбыр өтпесінде кесу кезінде бұрғы моторын қайта бекіту керек.
- Тығын сымының құралға оралып қалмағанына немесе араның астында емес екеніне көз жеткізіңіз.

Бұл нұсқауларды орындамаған жағдайда, құралға қатты зақым келіп, нәтижесінде құрал дұрыс жұмыс істемей, дене жарақатын алуыңыз мүмкін.



10. U пішінді беріліс жинағын туралау біліктеріне орналастырыңыз. Ұяшықтарды туралап, серіппе қысқыштарына қарай басыңыз. U пішінді беріліс жинағының жоғарғы жағындағы сермерді бұраңыз. Қысым төсемі моторды іске қосады. Бұл құралды пайдалану кезінде мотордың ажырап кетуіне жол бермейді. Әрдайым U пішінді беріліс жинағын пайдаланыңыз.



11. Бұрғы моторы тұтқасының астыңғы жағындағы ауыстырып-қосқыштың жоғарыда көрсетілгендей «алға бағытталған» күйде екеніне көз жеткізіңіз. Кіріктірілген жылдамдық контроллері пайдаланылса, оның «төменгі» күйде екеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ҚАУІПТІ



- Электр тогына түсіп қалу қаупін азайту үшін, электр көзінің жерге дұрыс тұйықталғанына көз жеткізіңіз.

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

12. Сымды тиісті розеткаға немесе ұзартқыш сымға жалғаңыз. «Қуатқа қатысты талаптар» бөлімін қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ. Барлық пайдалану нұсқаулары Milwaukee™ 4/6 биметалды саңылау кесетін араларының немесе Victaulic саңылау кесетін араларының пайдаланылуына негізделген.

ҚҰРАЛ ЖҰМЫСЫ

⚠ ЕСКЕРТУ

- VHCT900 саңылау кесу құралын ұшқын шашыра қаупі бар немесе су тиіп кетуі мүмкін жұмыстарда пайдалануға болмайды.

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Саңылау кесетін араның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін кесу жұмысы кезінде саңылауға ойық кесуге арналған майды жағыңыз.



ЕСКЕРТПЕ.
Өлшемдері $2\frac{3}{4}$ шамасынан артық болған жағдайда, саңылау кесетін араның тозу деңгейін азайтып, өнімділікті арттыру үшін кіріктірілген жылдамдық контроллерін пайдаланыңыз.



1. Бұрғы моторы тұтқасының астыңғы жағындағы триггерді басыңыз. Біркелкі кесу үшін беріліс тетігін орташа жылдамдықта сағат тілі бағытымен айналдырып, саңылау кесетін араға майды сіңдіріңіз. Араға берілісті тым жылдам қолдануға **БОЛМАЙДЫ**, бұл мотордың сөніп қалуына себеп болуы мүмкін. Кесу жұмысы кезінде қиындықтар туындаған жағдайда, «Ақаулықтарды жою» бөлімін қараңыз.

2. Кесу жұмысын аяқтаған соң, триггерді толығымен босатыңыз. Беріліс тетігін сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы саңылау кесетін араны шығарыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ



- Сынамаларды жалаңаш қолдармен **ҰСТАМАҢЫЗ**. Сынамалар ыстық, ал жиектері өткір болуы мүмкін.

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.




3. Құралды электр көзінен ажыратыңыз. Жоғарыда көрсетілгендей сынаманы алу құралы арқылы сынаманы саңылау кесетін арадан алыңыз. Сынамаларды жалаңаш қолдармен ҰСТАМАҢЫЗ. Бұрғы ішіне оралған сымды зақымдап алмас үшін сақ болыңыз. Қылшақпен бұрғыдағы жоңқаларды кетіріңіз. Егер сынама құбыр ішіне түсіп кетсе, оны дереу алыңыз.

4. U пішінді беріліс жинағын, бұрғыны және табанды орнату процедурасын кері ретпен орындау арқылы алып, құралды құбырдан алыңыз. Құралды берілген контейнерде сақтаңыз.



5a. Саңылау айналасындағы $\frac{5}{8}$ дюйм/16 мм аймақтың таза, тегіс екеніне әрі төсем тығыздағышын зақымдауы мүмкін керткі қосылыстар және/немесе дөңестердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Саңылаудағы қажайтпн жерлерді және өткір немесе кедір-бұдыр жиектерді кетіріңіз. Қажайтпн жерлер мен өткір жиектер өнім жинағын, құлыптау сақинасының ұяшығын, шығыс ағынын және төсем тығыздағышын зақымдауы мүмкін.

5b. Оң жақта көрсетілген «А» өлшемі бойынша құбыр/түтіктің бүкіл айналасында кір, тот, дөңестер және корпустың құбырға/түтікке толығымен орнығына жол бермейтін кесілген бөлшектер болмауы тиіс.



ҚҰБЫР/ТҮТІК БЕТІН ДАЙЫНДАУ ТАЛАПТАРЫ


| Өлшемі | Саңылау өлшемдері дюйм/мм | | «А» өлшемі бойынша бетті дайындау |
|--|--------------------------------------|---|-----------------------------------|
| | Номиналды шығыс өлшемі дюйм Нақты мм | Минималды саңылау диаметрі Саңылау кесетін ара өлшемі | |
| Барлық $\frac{1}{2}$ дюйм/ 21.3 Шығыстар | $1\frac{1}{2}$ 38 | 1% 41 | $3\frac{1}{2}$ 89 |
| Барлық $\frac{3}{4}$ дюйм/ 26.9 Шығыстар | $1\frac{1}{2}$ 38 | 1% 41 | $3\frac{1}{2}$ 89 |
| Барлық 1 дюйм/ 33.7 Шығыстар | $1\frac{1}{2}$ 38 | 1% 41 | $3\frac{1}{2}$ 89 |
| Барлық $1\frac{1}{4}$ дюйм/ 42.4 Шығыстар | $1\frac{3}{4}$ 44 | 1% 48 | 4 102 |
| Барлық $1\frac{1}{2}$ дюйм/ 48.3 Шығыстар | 2 51 | 2% 54 | 4 102 |
| Барлық 2 дюйм/ 60.3 Шығыстар | $2\frac{1}{2}$ 64 | 2% 67 | $4\frac{1}{2}$ 114 |
| Барлық $2\frac{1}{2}$ дюйм/ 73.0 Шығыстар | $2\frac{3}{4}$ 70 | 2% 73 | 5 127 |
| Барлық 76,1 мм Шығыстар | $2\frac{3}{4}$ 70 | 2% 73 | $5\frac{1}{2}$ 140 |
| Барлық 3 дюйм/ 88.9 Шығыстар | 3 89 | 3% 92 | $5\frac{1}{2}$ 140 |
| Барлық 4 дюйм/ 114.3 Шығыстар | $4\frac{1}{2}$ 114 | 4% 118 | $6\frac{1}{2}$ 165 |
| Барлық 108,0 мм Шығыстар | $4\frac{1}{2}$ 114 | 4% 118 | $6\frac{1}{2}$ 165 |

САҢЫЛАУ КЕСЕТІН АРАНЫ АЛУ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

⚠ ЕСКЕРТУ

- Саңылау кесетін араны жонғыш жинағынан алмас бұрын, қуат сымын электр көзінен ажыратыңыз.

Бұл нұсқауларды дұрыс орындамасаңыз, ауыр жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.



1. Берілген бүйірлі кілтті пайдаланып, жонғыш жинағын бұрғыдан алыңыз.



2. Бекіткіш сақинаны босатып, содан кейін оны жоғарыға қарай барынша бұраңыз немесе тартыңыз.



3. Жонғыш жинағындағы жетек сұққыларының саңылау кесетін арада тұрмағанына көз жеткізіңіз. Саңылау кесетін араны жонғыш жинағынан бұрап алыңыз.

⚠ ҚАУІПТІ



- Құралға қандай да бір техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындамас бұрын, қуат сымын электр көзінен ажыратыңыз.

Бұл нұсқауды дұрыс орындамасаңыз, жазатайым жағдайға немесе жарақаттану салдарына әкеп соқтыруы мүмкін.

Бұл бөлімде құралды жақсы күйінде сақтау туралы ақпарат беріледі. Құралды дұрыс және қауіпсіз пайдалану үшін, қосалқы бөлшектерді Victaulic компаниясынан тапсырыс беру керек.

Құбырдың әрбір бөлігін бұрғылаған соң, барлық құрамдастардан жоңқалар мен кірді кетіру үшін құралды тазалау керек. Жоңқалар жиналып, өткірлігін азайтуы мүмкін болғандықтан, кескішке арнайы көңіл бөліңіз.

Фидер соташықтарын жұмсақ машина майымен қайта-қайта майлап тұрыңыз.


БӨЛШЕКТЕРГЕ ТАПСЫРЫС БЕРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бөлшектерге тапсырыс берген кезде, Victaulic компаниясына тапсырысты өңдеу және дұрыс бөлік(тер)ді жіберу үшін келесі ақпарат қажет. Бөлшектерге 1-800-PICK-VIC нөмірі бойынша қоңырау шалып, тапсырыс беруге болады.

1. Құрал үлгісінің нөмірі
2. Құралдың сериялық нөмірі
3. Саны, Элемент нөмірі, Бөлшек нөмірі және Сипаттамасы
4. Бөлшек(тер)ді жіберетін орын — Компания аты және мекенжайы
5. Бөлшек(тер) кімге жіберіледі — Тұлғаның аты
6. Сатып алу тапсырысының нөмірі
7. Шот ұсыну мекенжайы

КЕРЕК-ЖАРАҚТАР

ДИАМЕТРІ 1 ДЮЙМ САҢЫЛАУ КЕСЕТІН АРАҒА АРНАЛҒАН ЖОНҒЫШ ЖИНАҒЫ




| Элемент № | Бөлшек № | Саны | Сипаттамасы |
|-----------|---------------|------|---|
| Анықт. | R-450-900-НСТ | ‡ | Жонғыш жинағы |
| 1 | N-M14-000-007 | 1 | Жонғыш |
| 2 | N-S90-050-004 | 1 | Нейлон сақинасы бар, цилиндрлік шеті қысқа орнату бұрандасы |
| 3 | R-402-900-НСТ | 1 | Сынаманы бекітетін бұрғы кескіші |
| 4 | N-M18-000-011 | * | 1 дюйм/26 мм-лік саңылау кесетін ара |

‡ Жонғыш жинағы құралмен бірге беріледі.

* Саңылау кесетін араларға бөлек тапсырыс беру керек.

ДИАМЕТРІ 1 ¼ ДЮЙМ НЕМЕСЕ ОДАН ҮЛКЕН САҢЫЛАУ КЕСЕТІН АРАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖОНҒЫШ ЖИНАҒЫ



| Элемент № | Бөлшек № | Саны | Сипаттамасы |
|-----------|---------------|------|---|
| Анықт. | R-400-900-НСТ | ‡ | Жонғыш жинағы |
| 11 | N-M14-000-008 | 1 | Жонғыш |
| 12 | N-S90-050-010 | 1 | Нейлон сақинасы бар, цилиндрлік шеті қысқа орнату бұрандасы |
| 13 | R-402-900-НСТ | 1 | Сынаманы бекітетін бұрғы кескіші |
| 14 | N-M18-000-016 | * | 1 ¼ дюйм/32 мм-лік саңылау кесетін ара |
| 15 | N-M18-000-021 | * | 1 ½ дюйм/38 мм-лік саңылау кесетін ара |
| 16 | N-M18-000-026 | * | 1 ¾ дюйм/45 мм-лік саңылау кесетін ара |
| 17 | N-M18-000-031 | * | 2 дюйм/51 мм-лік саңылау кесетін ара |
| 18 | N-M18-000-037 | * | 2 ½ дюйм/64 мм-лік саңылау кесетін ара |
| 19 | N-M18-000-040 | * | 2 ¾ дюйм/70 мм-лік саңылау кесетін ара |
| 20 | N-M18-000-047 | * | 3 ½ дюйм/89 мм-лік саңылау кесетін ара |
| 21 | N-M18-000-050 | * | 4 ½ дюйм/114 мм-лік саңылау кесетін ара |

‡ Жонғыш жинағы құралмен бірге беріледі.

* Саңылау кесетін араларға бөлек тапсырыс беру керек.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТҮЗЕТУ

| МӘСЕЛЕ | ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ | ШЕШІМІ |
|--|---|---|
| Табан құбырға бекітілмейді. | Қысқыш тұтқасы бұрандалардан шығып кетті. | Қысқыш тұтқасын босатып, бір қосылымды шынжыр ұясына мықтап орналастырыңыз. Қысқыш тұтқасын қайта бекітіңіз. |
| Беріліс жинағы туралау біліктеріне сай келмейді. | Беріліс тұтқасы толығымен шығарылмайды. | Беріліс тұтқасын толығымен шығарыңыз. |
| | Бағыттауыш бұрғы жонғышқа толығымен салынбаған. | Жонғыштың орнату бұрандасын босатып, бағыттауыш бұрғыны толығымен салыңыз, содан кейін жонғыштың орнату бұрандасын қатайтыңыз. Бағыттауыш бұрғының тегіс бөліктерінің орнату бұрандасымен тураланғанына көз жеткізіңіз. |
| Бұрғы моторы жұмыс істемейді. | Жонғыш қысқыш патронға толығымен салынбаған. | Қысқыш патронды бүйірлі кілтпен босатып, жонғышты қысқыш патронға толығымен сырғытыңыз да, қысқыш патронды бекітіңіз. |
| | Құрал электр көзіне жалғанбаған. | Құралды тиісті кернеулі розеткаға немесе ұзартқыш сымға жалғаңыз. |
| | Автоматы ажыратқыш өшіп қалған немесе балқитын сақтандыргыш күйіп кеткен. | Жұмыс орнындағы ажыратқышты сынап/қалпына келтіріңіз немесе балқитын сақтандыргышты ауыстырыңыз. |
| | Бұрғы моторының триггер ауыстырып-қосқышында ақау бар. | Зауытық қызмет көрсету қажет. Victaulic компаниясына хабарласыңыз. |
| Бағыттауыш бұрғы кеспейді. | Қуат сымның тығыны розеткамен түйіспей тұр. | Қосылымды тексеріп, қажет болса, жөндеу жұмыстарын жүргізіңіз. |
| | Бұрғы моторы кері бағытта жұмыс істеп тұр. | Бұрғы моторының ауыстырып-қосқышын алға бағытталған күйге қойыңыз. |
| | Бағыттауыш бұрғы жонғышқа берік бекітілмеген. | Жонғыштың орнату бұрандасын қатайтыңыз. Жонғыштың бағыттауыш бұрғының тегіс бөліктеріне жанасып тұрғанына көз жеткізіңіз. |
| Саңылау кесетін ара жүзі кеспейді. | Бағыттауыш бұрғы өткір емес. | Бағыттауыш бұрғыны ауыстырыңыз. |
| | Бұрғы моторы кері бағытта жұмыс істеп тұр. | Бұрғы моторының ауыстырып-қосқышын алға бағытталған күйге қойыңыз. |
| | Бұрғы моторы қысқыш тұтқасы сияқты табанның бір бүйіріне орнатылады. | Бұрғы моторын туралау біліктерінен сырғытып шығарып, содан кейін қысқыш тұтқасына қарама-қарсы бағытта қайта сырғытып салыңыз. |
| | Саңылау кесетін ара жүзі өтпейді. | Саңылау кесетін ара жүзін ауыстырыңыз. |
| | Саңылау кесетін ара жүзінің бір немесе бірнеше тісі сынып кеткен. | Саңылау кесетін ара жүзін ауыстырыңыз. Құбырдағы/ түліктегі тістердің кесетін жерін тексеріңіз. Орталық ойғыш немесе шағын кескіш арқылы орнатылған тістерді алыңыз (қорғаныш көзілдірік киіңіз). |
| | Құбырда/түлікте қатты дақтар немесе қатты пісірілген қыртыстар бар. | Кесілген жерге ойық кесуге арналған майды мольнан жағып, саңылау кесетін өткір ара жүзін пайдаланыңыз. Саңылауды баяу кесіңіз. |
| Жоңқалар кесілген жерге тұрып қалуы мүмкін. | Саңылау кесетін ара тістері мен кесілген жерден жоңқаларды алып тастаңыз. | |

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ТҮЗЕТУ (ЖАЛҒАСЫ)

| МӘСЕЛЕ | ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ | ШЕШІМІ |
|---|---|---|
| Беріліс тетігін айналдыру үшін қатты бұрау керек. | Бұрғы моторы кері бағытта жұмыс істеп тұр. | Бұрғы моторының ауыстырып-қосқышын алға бағытталған күйге қойыңыз. |
| | Фидер соташықтары майланбаған. | «Техникалық қызмет көрсету» бөліміндегі нұсқауларды пайдаланып, беріліс соташығын майлаңыз. |
| | Беріліс соташықтарында механикалық кедергі бар. | Зауыттық қызмет көрсету қажет. Victaulic компаниясына хабарласыңыз. |
| Бұрғы моторы қатты қызып кетеді. | Саңылаулар тым жылдам кесіледі. | Саңылау кесетін араны кесілетін жерге орташа жылдамдықпен салыңыз. |
| | Саңылау кесетін ара жүзі өтпейді. | Саңылау кесетін ара жүзін ауыстырыңыз. |
| | Дұрыс емес ұзартқыш сым пайдаланылып жатыр (сымның өлшемі жеткіліксіз немесе тым ұзын). | Ұзартқыш сымды өлшемі мен ұзындығы дұрыс ұзартқыш сымға ауыстырыңыз. «Қуатқа қатысты талаптар» бөлімін қараңыз. |
| Бағыттауыш бұрғы сынаманы ұстап тұрмайды. | Сынаманы ұстап тұратын бұрғы кескіші зақымдалған. | Сынаманы ұстап тұратын бұрғы кескішін ауыстырыңыз. |
| Саңылау кесетін ара тез тозып кетеді. | Бұрғы тым жылдам жұмыс істеп тұр. | Бұрғы жылдамдығын жылдамдық контроллері арқылы азайтыңыз. |
| | Саңылау кесетін ара жүзі майланбаған. | Саңылау кесетін ара жүзін ойық кесуге арналған маймен майлаңыз. |

Ақаулықтарды жою бөлімінде қарастырылмаған құрал ақаулығы орын алған жағдайда, көмек алу үшін Victaulic компаниясына хабарласыңыз.

VHCT900 саңылау кесу құралы